

## Кемелердің авариялық жағдайларын төрgeу ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 18 шілдедегі N 228-І бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 2003 жылғы 26 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2459. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

**Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Занын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кемелердің авариялық жағдайларын төрgeу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.С.Мұстафин) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және Бас прокуратурасымен келіссін және мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар вице-Министрі Е.Ж.Қошановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

К е л і с і л г е н

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің төрағасы

2 0 0 3 жыл 2 9 шілде

К е л і с і л г е н

Қазақстан Республикасының

Б а с прокуроры

2003 жыл 23 шілде

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникациялар  
министрінің  
2003 жылғы 18 шілдедегі  
N 228-I бүйрүгімен  
бекітілген

## **Кемелердің авариялық жағдайларын тергеу ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Кемелердің авариялық жағдайларын тергеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 қыркүйектегі N 1334 "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері" қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің ережесіне сәйкес әзірленген.

2. Осы Ереже кемелермен жүзу кезінде немесе тұрақтағы авариялық жағдайларды тергеу тәртібін белгілейді.

Авариялық жағдайды тергеудің мақсаты оны жіктеу, жағдайларын, себептерін, зардаптарын, шығындарын анықтау, қатысты тұлғалардың әрекетін бағалау, сол сияқты апatty жағдайлардың алдын алу бойынша сақтық шараларын әзірлеу болып табылады.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:  
авариялық жағдай - кемені апатқа әкелген және теңізде жүзу сапасын жоғалтуға апарған, оның басқа кемемен зақымдануы, навигациялық жабдықтарды, жағалау құрылғылары, су асты кабельдері, су асты құбыр өткізгіштері, кеменің сүйрететін объектісін жоғалтуы сияқты кемемен болған оқиға;

теңізде жүзу сапасы - кеменің беріктігін, орнықтылығын, жүзгіштік және батпайтын талаптарын реттейтін жиынтық;

сюрвейер - кемелер мен жүктерді зерттеумен айналысадын және авариялық жағдайда олардың жай-күйі, зақымдану мөлшері туралы, кеменің теңізде жүзушілігі туралы қорытынды беретін сарапшы;

навигациялық қауіпсіздік - навигациялық картаның және жүзуге арналған оқу құралының жеткіліктігі мен дәлдік дәрежесі, навигациялық құрал-жабдықтардың штаттық орнының ауысуы туралы навигациялық ақпараттың шапшаш, өз уақытында жеткізілуі және олардың сипаттамаларының өзгеруі, жүзу ауданын гидрографиялық қамтамасыз етудің толықтығы мен сенімдегі, радионавигациялық құралдар сипаттамасының тұрақтылығы, ауа-райы жағдайын

болжау сапасы және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүзудің қауіпсіз жолдары және басқа факторлары туралы ұсынымдар;

аумақтық уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық Көліктік бақылау

басқармасы;

сауда мақсатында теңізде жүзу саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті;

пайдаланымдық шектеулер - авариялық жағдайдың нәтижесінде пайда болған техникалық жай-күйі деңгейінің төмендеуін және/немесе теңізде жүзу сапасының нашарлауын, жабдықтарда кемшіліктердің пайда болуын, жабдықтаудың толық болмауын ескере отырып, кемені пайдалану кезеңінде уәкілетті орган белгілеген талаптарды белгілі бір қолданудан шығару.

## **2. Авариялық жағдайды тергеу органдары**

4. Авариялық жағдайды тергейтін орган теңіз портының капитаны басқаратын Теңіз портының әкімшілігі (бұдан әрі - ТПӘ) болып табылады.

5. Әр түрлі иеліктері кемелердің соқтығысумен байланысты апартты оқиғаларды, сол сияқты Қазақстан Республикасы теңіз портының акваториясында болған апартты оқиғаларды ТПӘ апатқа ұшыраған кеме иесі өкілдерінің қатысуымен тергейді.

6. Навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз ету жеткіліксіздігінен болған апартты оқиғаны ТПӘ шекара қызметінің теңіз бөлімдерінің тиісті қызметі өкілдерінің қатысуы арқылы тергеу жүргізеді.

7. Кеменің зақымдануы мұзды жерлерде жүзу кезінде, апарттық-құтқарушылық жұмыстарды жүргізу барысында, навигациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етпейтін аудандарда не жағдайларда жүзу кезінде болған, шетел мемлекеттерінің мұддесін қозғайтын авариялық жағдайларына ТПӘ тергеу жүргізеді.

8. Қазақстан Республикасының туы астында жүзетін кемемен шетелдің аумақтық және ішкі су жолдарында болған авариялық жағдайды, егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, ТПӘ тергейді.

## **3. Авариялық жағдай туралы хабарлаудың тәртібі**

9. Кеме капитаны болған апартты оқиға туралы кеме иесіне хабарлауы тиіс. Егер апартты оқиға Қазақстан Республикасының аумақтық суларында немесе қазақстандық порт акваториясында болса, хабарлама ТПӘ-не де жіберіледі, ол

болған авариялық жағдай туралы уәкілетті органға және аумақтық уәкілетті органға кідірмestен хабарлайды.

10. Шетелдің аумақтық суларында орын алған авариялық жағдай туралы кеме капитаны кеме иесіне, уәкілетті органға, дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге хабарлап, жәрдемдесуін әрі көмек беруін сұрайды.

Болған оқиға туралы кеме сақтандырылған сақтандыру компаниясының өкіліне де хабарланады.

11. Кеме иесі навигациялық құрал-жабдық заттарының барлық зақымдану жағдайлары туралы шекара қызметінің теңіз бөлімдерінің тиісті қызметіне, су жолдарының мемлекеттік кәсіпорнына немесе бұзылған құрал-жабдықтың кімнің иелігіне жататынына қарамастан ТПӘ-не хабарлайды.

12. Барлық авариялық жағдайлар туралы ТПӘ-не, аумақтық уәкілеттік органға және көлік прокуратурасына хабарлайды.

Аумақтық уәкілеттік орган авариялық жағдай туралы уәкілеттік органға тез арада хабарлайды.

13. Авариялық жағдайлар туралы хабарлама Ереженің 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген мәліметтерді қамтуы тиіс. Қажет болса уәкілеттік орган қосымша мәлімет көлемін және оларды беру тәртібін белгілейді.

#### **4. Авариялық жағдайларды тергеу тәртібі**

14. Авариялық жағдайға үшыраған кеменің капитаны авариялық жағдайды тіркеу үшін кеме немесе оның экипажы бірінші қазақстандық портқа келгеннен кейін 24 сағаттың ішінде ТПӘ-не теңіз порты капитанының атына авариялық жағдай туралы жазбаша өтініш береді немесе жібереді (4-қосымша) және авариялық жағдайды тіркеу үшін техникалық акт жасайды (3-қосымша).

15. Авариялық жағдай туралы өтінішті және техникалық акті алғанда ТПӘ-ндегі лауазымды тұлғасы Авариялық жағдайларды тіркеу журналына (11-қосымша) тіркеуді жүргізді .

ТПӘ Авариялық жағдайларды тіркеу журналына Ережеге 10-қосымшада көрсетілген авариялық жағдайларды жіктеу жөніндегі мәліметтерді енгізеді.

ТПӘ кеме капитаны берген құжаттарды қарағаннан кейін авариялық жағдайды жіктейді.

16. ТПӘ кеме капитанынан тергеу үшін қажетті құжаттарды өз уақытында беруін талап етеді.

17. Кеме капитаны авариялық жағдай жөніндегі құжаттарды тергеу органдарына береді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теңіздік наразылықты ресімдейді.

18. Кеме капитаны кеме немесе оның экипажы бірінші қазақстандық портқа келгеннен соң үш тәулік ішінде ТПӘ-не мынадай құжаттарды көрсетеді:

1) авариялық жағдай туралы толық хабарлама, ол еркін түрдегі нысанда құралады, авариялық оқиғаның жай-күйі, себептері, салдары оған қатысты тұлғалар, сондай-ақ Авариялық жағдайды тергеу туралы актіде (5-қосымша)  
қаралған мәліметтер көрсетіледі;

2) кеме құжаттарынан көшірме;  
3) апatty оқиғаға қатысы бар тұлғалар мен күәгерлердің түсініктемелері;  
4) қажет болған кезде өзі жазатын ленталар, олардың мағынасын ашу,  
төсеммен жол картасын;

5) маневрлеу сызбасын, радиолакациялық планшеттерді;  
6) зақымданудың сызбалары мен схемалары;

7) өзге де құжаттар.

19. Тергеу процесінде кеме капитаны теңіз порты капитанының талап етуімен апatty оқиға нәтижесінде болған кеменің зақымдануын бағалауға қажетті мынадай қосымша құжаттарды береді:

1) сұнгуірді байқау акті немесе догін байқау немесе сюрвейерлік байқау;  
2) уәкілетті орган қызметкерлерінің техникалық тексеру акті;  
3) зақымданудың фотосуреттері;  
4) алдын ала жөндеу калькуляциясы;  
5) апatty зақымдарды жоюды жүргізетін арнаулы ұйымдардың есебі;  
6) басқа да құжаттар.

Авариялық жағдайды тергеуші ТПӘ қосымша құжаттар тізімін белгілейді, бұған кеме иеленуші қол қоятын авариялық жағдайдың шығын мөлшері туралы анықтама кіреді (6-қосымша).

ТПӘ объективті себептермен көрсеткен құжатты беру мүмкін болмаған жағдайда кеме капитаны өз бетінше немесе тәуелсіз сюрвейер көмегімен авариялық жағдай бойынша шамамен алынған шығын есебін жасайды және көрсетеді.

20. Авариялық жағдай туралы дәлелдерді іздеу қажет болғанда авариялық жағдайға тартылған кемелер келіп тоқтаған теңіз порттарының капитандары қажетті ақпаратты жинауға атсалысады.

21. Авариялық жағдайды тергеу мерзімі оның тіркелген сәтінен бастап саналады, бұл жөнінде уәкілетті органға хабарланады.

Авариялық жағдайды тергеуді оның тіркелген күнінен бастап отыз күн ішінде  
Т П Э жүргізді.

Тергеу нәтижелері бойынша ТПӘ қорытынды жасайды және материалдардың

көшірмелерін уәкілетті органға, кеме иесіне және көлік прокуратурасына жібереді. Құқық бұзушылықтар табылған жағдайда көрсетілген материалдардың көшірмелері құқық қорғау органдарына жіберіледі.

22. ТПӘ-н әрбір негізденген мәліметіне уәкілетті орган төргеу мерзімін он тәулікке соза алады.

23. Авариялық жағдайды төргеу нәтижесінде ТПӘ мынадай жағдайларды белгілеуі

тиіс:

1) белгіленген талаптарға кеменің, еkipаждың, жабдықтың, құрал-жабдықтың сәйкес келуі;

2) жүзудің навигациялық фактологиялық талдауы;

3) авариялық жағдайға әкелген жағдайлар мен мән-жайлар;

4) авариялық жағдайға әкелген себептер, оның салдары мен жіктелуі;

5) авариялық жағдайға қатысты тұлғалардың әрекет бағасы, оларға сыртқы факторлардың әсерін есепке алып, олардың психологиялық жай-күйі, шаршаудеңгейі;

6) апартты оқиғаға әкелген немесе болуына септігін тигізген лауазымдық тұлғалар тізімі, кімнің нұсқауымен және қандай нормативті талаптар бұзылған, орындалмаған,

сақталмаған;

7) ақталған қауіпті есепке алып, теңізде жүзу қауіпсіздігі бойынша белгіленген талаптарға жасалған әрекеттердің сәйкес келуі.

Тәуекел бір уақытта мынадай жағдайларда ақталған болып танылады:

1) тәуекел қабылданған мақсатқа сай болуы тиіс;

2) мақсат қарапайым, тәуекелмен байланысты емес әрекеттермен жетуі

мындаған

емес;

3) тәуекел келтіретін залал шамадан аспауы керек;

4) тәуекел құралы материалдық объектілер болып табылады.

24. ТПӘ-н лауазымды тұлғасы авариялық жағдай бойынша төргеу жүргізгенде авариялық жағдайға қатысы бар тұлғаларға сұрау жүргізілуі мүмкін.

Авариялық жағдайға қатысы бар тұлғалар мен куәгерлерге сұрау жүргізгенде сұрау хаттамасы жүргізіледі, мұның нысаны Ережеге 7-қосымшада бекітілген. Егер сұрау Ереженің 9 және 10 тармақтарында көрсетілген тұлғалардың және сараптаушылардың қатысуымен жүргізілсе, онда бұл хаттамада көрсетіледі.

Авариялық жағдайға қатысты тұлғалар мен куәгерлерді сұрау үшін шақыру кеме иесін немесе кеме капитанын ресми түрде ескерту жолымен жүргізіледі. Егер сұралуға тиісті тұлға төргеу органы орналасқан жерде болмаса, сұрау осы тұлғаның немесе куәгердің тұрған жеріне сәйкес төргеу органында жүргізіледі. Егер сұралатын адам сұрау жүргізілетін тілді білмese, аудармашы шақырылады, оның қатысуы хаттамада көрсетіледі.

25. ТПӘ жүргізетін тергеу процесіне аудармашылар, тиісті мамандар тартылады, зертханалық және басқа талдамалар немесе сараптамалар жүргізіледі.

Тергеуге аудармашылар, тиісті мамандар тарту, зертханалық немесе өзге де талдауларды, сараптамалар мен тәжірибелер жүргізу қажеттілігін тергеу органының басшысы белгіледі.

Кеме иесі ТПӘ авариялық жағдайды тергеу жүргізуде барлық көмекті көрсетеді.

26. Кеме иесі ТПӘ-ң қорытындысымен келіспеген жағдайда тергеу материалдарын алғаннан кейін он құннің ішінде өзінің наразылығын уәкілеттік органға жібере алады. Наразылық хаттың көшірмесі сонымен қатар ТПӘ-не де жіберіледі.

27. Уәкілетті орган ТПӘ-ң қорытындысы мен апатты оқиға бойынша материалды берілген құннінен бастап отыз жұмыс қун ішінде қарайды, осыдан кейін ол бойынша кеме иесінің наразылығын және/немесе қосымша тергеуді есепке алып соңғы шешім қабылдайды, егер мұндай жағдай орын алса.

28. Кеме иесі қорытындыны алғаннан кейін алдағы уақытта осындағы жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін алдын алу шараларын жүргізеді, сол сияқты әрекеттері авариялық жағдайға әкелген және/немесе себепкер болған қызметкерлерді тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартады, сондай-ақ кеменің техникалық жай-күйін, одан әрі пайдалану және/немесе жөндеу шарттарын анықтау мақсатында уәкілеттік органға куәландыруға жібереді.

Егер авариялық жағдай кемені уәкілеттік органға куәландыруға ұсынуға мүмкіндік жоқ шетел портында немесе осындағы бірінші портқа кірген болса, онда кеме Қазақстан Республикасы таныған шетелдік сыныптау қоғамына ұсынылады.

29. Авариялық жағдайды тергеу нәтижелері бойынша кеме иесінің жүргізетін іс-шараларын бақылауды аумақтық уәкілеттік орган жүзеге асырады.

30. Авариялық жағдайды тергеу қорытындылары бойынша кеме иесі апаттық картаны толтырады (8-қосымша).

31. Авариялық жағдайды тергеу аяқталғаннан кейін тергеудің барлық материалдары жеке папкаға тігінделеді, беттері нөмірленіп, құжаттар тізілімі жасалады. Папка "Апаттық іс" (9-қосымша) деп аталады.

32. Тергеуші орган уәкілеттік органның тиісті рұқсаты негізінде авариялық жағдайды тергеуді оның жартылай тоқтатылуы үшін негіз болған жағдайлардың толық немесе жартылай жоққа шығарылғанына дейін тоқтата тұрады. Жоққа шығарылғанда ол уәкілетті органның шешімімен қайта басталады.

## 5. Апатты оқиғаларды жіктеу

3 3 .      А п а т т ы      о қ иғ а л а р :  
1 )      к е м е н і ң      қ и р а у ы ;  
2 )      а в а р и я ;  
3 )      а в а р и я л ы қ      о қ иғ а ;

4) пайдаланымдық зақымдану болып жіктеледі.

34. Кеме қирауына мынадай авариялық жағдайлар жатады:

- 1) кеменің қирауы немесе оның толық конструктивтік бұзылуы нәтижесінде қалпына келтіру мүмкін болмайтын;
- 2) кеме сүйретіп келе жатқан объектінің жоғалуы нәтижесінде болған.

35. Аварияға мынадай авариялық жағдайлар жатады:

- 1) адам өліміне әкелген. Оқиға егер адам өлімі авариялық жағдай салдарынан болса авария болып жіктеледі.

Адам өлімі және/немесе адамның (адамдардың) жарақат алуы, авариялық жағдайды тергеу жүргізуге қарамастан Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес жүргізіледі;

2) жолаушылар кемесінде авариялық жағдай, кеменің зақымдануы нәтижесінде бояған кем дегенде теңізде жүзудің бір сапасын жоғалтатын немесе белгілі бір пайдаланымдық шектеулердің пайда болуына байланысты өндірістік қызметте кедергінің пайда болуына әкелетін.

36. Авариялық оқиғаларға мынадай авариялық жағдайлар жатады:

1) нәтижесінде кеменің зақымдануына әкелген, теңізде жүзудің кем дегенде бір сапасын немесе белгілі бір пайдаланым шектеулерінің пайда болуына байланысты өндірістік қызметте кедергінің пайда болуына әкелетін;

2) нәтижесінде кеменің су асты кабельдеріне, су асты құбыр өткізгіштеріне, навигациялық жабдық-құралдарына, жағалау құрылыштарына зақым келіп, олардың пайдаланудан шығуына әкелген;

3) нәтижесінде кеме өлшемдері мен зақым сипатына қарамастан 24 сағаттан артық қайраңда тұрған;

4) нәтижесінде кемедегі тасымалданатын жүк бір жерден ауыстырылса немесе оның физикалық-химиялық қасиеттері өзгерсе;

5) нәтижесінде арқандардың немесе торлардың еспелі винттерге және/немесе рульге оралуы болады, кемеге басқа кеменің зақым келтіруі, қандай да бір пайдаланымдық шектеулерге байланысты кеменің (кемелердің) өндірістік қызметіне кедергі жасайтын жағдайлар.

37. Пайдаланымдық зақымдануға мынадай авариялық жағдайлар жатады:

1) нәтижесінде кеменің немесе басқа кеменің зақымдануы немесе тасымалданатын жүктің орындарының ауыстырылуы немесе оның физико-химиялық қасиетінің өзгеруі, осы Ереженің 40-тармағының 1), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген белгілерге келмейді;

2) кеменің жүзу сапасын жоғалтуына қарамастан нәтижесінде мұзды жерлермен жүзу кезінде экипаждың дұрыс әрекеттері кезіндегі зақымдар;

3) оның нәтижесінде навигациялық қауіпсіздік қамтамасыз етілмеген жағдайда, теңізде жүзу сапасын жоғалтқанына қарамастан, аудандарда немесе жағдайларда жүзу кезінде экипаждың дұрыс әрекеті кезінде кеменің зақымдануы б о л ғ а н ;

4) нәтижесінде теңізде жұзу сапасын жоғалтқанына қарамастан апарттық-құтқару операциясын жүргізу кезінде экипаждың дұрыс әрекеті кезінде кеменің **закымдануы** болған;

5) нәтижесінде кемені пайдаланудан шығаруға экелмеген навигациялық жабдық қураударына зақымын тиғізген;

6) нәтижесінде экипаждың теңізде арқанмен байлау немесе жүк арту немесе бункерлік операцияларды дұрыс жасаған кезінде кеменің зақымдануы, осы Ереженің 41-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген белгілерге келмейді;

7) авариялық жағдайдың нәтижесінде кеме жиырма төрт сағаттан кем қайранда тұрған болса, және бұл кезде теңізде жүзу сапасының бірін де жоғалтуға әкелетін және/немесе қандай да бір пайдаланымдық зақымданулардың пайда болуына байланысты өндірістік қызметіне кедергі келтіретін зақымдану б о л м а с а ;

8) кеменің су асты кабельдерін, су асты құбыр өткізгіштіктерін, жағалау құрылыштарын оларды пайдаланудан шығаруға әкелмеген елеусіз зақымдаумен байланысты авариялық жағдай.

38. Авариялық жағдайлар түрлері, себептері, салдары бойынша жіктеу таблицасына сәйкес жіктеледі (10-қосымша).

39. Авариялық жағдай бойынша кеме иесі ұсынатын шығындарды ТПӘ-ң анықтауына және есепке алуға жатады:

1) кеме апат болған жағдайда - кеме күйрекен айдың бірінші күніне (тозуды есепке алмағанда) оның баланстық құны;

2) авариялық жағдай нәтижесінде пайда болған бұзылуды жөндеудің құны: кеменің теңізде жүзу сапасын қалпына келтіруге кеткен шығындар; құтқару операцияларының немесе авариялық кемені тіркең сүйреудің құны; авариялық жағдай нәтижесінде жүктің зақымдануынан келген шығындар және/немесе шығындардың құны.

Авариялық жағдай нәтижесінде болған зақымдануларды жоюдың құнын анықтау үшін авариялық зақымдануларды жою жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған сметалық калькуляцияны пайдалану керек, бұл осы жұмыстарды орындаған (қазақстандық немесе шетелдік) ұйымның есептеріне сәйкес жасалады. Сметалық калькуляцияға жұмыс күшінің шығыны, пайдаланған материалдар, кемені жөндеуші ұйымның үстеме шығындары мен доктаудың

Егер авариялық жағдайлар бойынша шығындар еркін айырбасталатын валютамен берілсе, онда оның сомасы авариялық жағдай оқиға болған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде белгіленген бағам бойынша теңгеге аударылады.

40. Осы ереженің күші теңіз кемелеріне олардың Қазақстан Республикасының аумақтық және ішкі суларында жүзуі кезінде қолданылады.

41. Осы ереженің күші Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз құштерінің және шекаралық қызметтің теңіз бөлімдерінің туы астында жүзетін кемелерге қолданылмайды.

42. Осы ереженің сақталуын бақылауды және қадағалауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Кемелердің	авариялық
жағдайларын	тергеу
ережесіне	
1-қосымша	

### **Кеме капитанының кеме иесіне авариялық жағдай жөніндегі хабарламасындағы мәліметтері**

1. Күні, кемелік уақыты.

2. Аудан (порт, айлак, бұғаз, шығанақ, рейд, ішкі және аумақтық сулар, ашық теніз, координатары).

3. Кеменің соңғы шыққан жері және оның бағыты.

4. Жүктен немесе балластпен, жүктің түрі (егер кеме затты құйып таситын болса, онда газдан тазарту, инертті газдардың жүйесі туралы мәліметтер).

5. Гидрометеорологиялық жағдай (желдің бағыты және күші, толқындау, кішкентай толқын, ағыс, көру мүмкіндігі), ауа-райы болжамы.

6. Бортта лоцманның болуы, тіркең сүйреуді пайдалану.

7. Кемелердің, объектілер және құрылыштары зақымданған болса, болған жағдай туралы мәліметтер.

8. Басқа кеменің атауы (қақтығысу немесе үйілу кезінде), ұлтты, кеме тіркелген порт, бүлінген айлактың, объектінің немесе құрылыштың атауы (нөмірі)

9. Қоршаған ортаның бүлінуі.

10. Кеменің бас жағының немесе артқы жағының оқиғаға дейін және кейін шөгуі, қисауы, бағыт, шөгуді жоғалту 1 см шөгетін тоннаның саны, борттағы отынның, ауызсудың және балластың мөлшері.

11. Тегін, атын, экесінің атын және лауазымдарын көрсете отырып, зардап

ш е к к е н

а д а м д а р д ы н

с а н ы .

12. Авариялық жағдайды бағалауға және апарттық кемеге көмек көрсету үшін қажет құралдарды тартуға мүмкіндік беретін мәліметтер.

13. Авариялық жағдайды және оның салдарын сипаттайтын қосымша мәліметтер.

К е м е л е р д ің  
жағдайларын  
ережесіне  
2-қосымша

а в а р и я л ы қ  
т е р г е у

## Кеме иесінің ТПӘ-не авариялық жағдай жөніндегі хабарламасындағы мәліметтер

1. Кеменің атауы, шақыру белгілері, үлгісі (сериясы), жасалған жылды және орны. Мұздан болған авариялық жағдай кезінде корпустың мұзға қарсы күшеттілудің нақты санаты көрсетілсін.

2. Күні, кемелік уақыты .

3. Аудан (порт, айлақ, бұғаз, шығанақ, рейд, ішкі және аумақтық сулар, ашық теніз ), координаттар .

4. Кеменің соңғы шыққан жері және оның баратын бағыты.

5. Жүктен немесе балластпен, жүктің түрі (егер кеме сүйық жүк таситын болса, онда газдан тазарту, инертті газдардың жүйесі туралы мәліметтер).

6. Гидрометеорологиялық жағдайлар (желдің бағыты және күші, теңіздің толқындауы, кішкентай толқын, ағысы, көру мүмкіндігі, мұз жамылғысының сипатты , ауа -райы болжамы ).

7. Бортта лоцманың болуы, тіркеп сүйреуді пайдалану.

8. Авариялық жағдайдың мән-жайы:

1) соқтығысу кезінде: бағыт, жылдамдық, вахтаның құрамы, кемені кім басқарды, жағдай (басып озу, қарсы жүзу, қылышатын бағытпен жүзу);

2) қайранда тұрган кезде: топырақтың сипаттамасы, авариялық жағдайға дейін және кейін шөгуі (алдыңғы, артқы жағымен), шөгуді жоғалту, қисаю, бағыт , тасу мөлшері, 1 см шөгуге келетін тоннаның саны, трюмдар, танклар бойынша жүктөрдің орналасуы, кеме бетіндегі жүк, тіркеме арқаның және брагаға арналған арқаның болуы және өлшемі.

9. Авариялық жағдайға тап болған кемелердің атауы, олардың туы, тіркелген порты, иелері туралы мәліметтер .

10. Кемелердің теңізде жүзу қабілеттерін жоғалтуы, айлақтың (объектінің) пайдаланудан шығуы .

11. Зардап шеккен адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы көрсетілген

с а н ы .

12. Су ортасын ластау, кемеден тасталған мұнай өнімдерінің және басқа зиянды заттардың көлемі, орны, болжамды себебі, түрі және мөлшері.

13. Адамдарға көмек көрсету және құтқару зақымдануларды және теңізді ластаудың салдарларын жою жөнінде қабылданатынан іс-шаралар. Суға түсірілген құтқару құралдарының саны және үлгісі.

14. Өміршеңдік үшін құрес жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру, кемелермен және жағалаулық станциялармен байланыс.

15. Капитан тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, білімі, капитан лауазымындағы жұмыс өтілі, осы кемедегі жұмыс уақыты.

16. Авариялық жағдайдың мән-жайын және оның зардалтарын сипаттайтын қосымша мәліметтер.

Кемелердің авариялық

жағдайларын төргеу

ережесіне

3-қосымша

Бекітемін

Кеме капитаны

----- (өз қолы)

(Т.А.Ә.а.) -----

200 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ "

**Техникалық акт**

Күні \_\_\_\_\_

О р н ы

Кеменің борты

Осы акт \_\_\_\_\_  
(актіні жасаған тұлғалардың лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

нәтижесінде

(авариялық жағдайдың түрі, орны және күні)

(зақымданулардың толық сипаттамасы және залалды атап көрсету)

\_\_\_\_\_ залал келтірілгені туралы жасалды.

Қосымша: \_\_\_\_\_  
(зардал шеккен адамдардың тізімі,

жоғалған және/немесе зақымдалған жүктің,

мұліктің, керек-жарақтың,

жабдықтардың, жабдықтаудың,

радиограммалар көшірмелерінің тізбесі және тағы басқа)

Актіні жасаған тұлғалардың қолы: \_\_\_\_\_

Кемелердің авариялық

жағдайларын тергеу

ережесіне

4-қосымша

Теңіз портының капитанына \_\_\_\_\_

капитанынан

(кеменің атавы, кеменің иесі, капитанның Т.А.Ә.а.)

Күні \_\_\_\_\_

### **Авариялық жағдай туралы өтініш**

болған

(авариялық жағдай кіммен болды, күні, уақыты, болған жері)

(апат оқиғасының түрі)

авариялық жағдайды тергеуді сұраймын.

Қоса берілген күжаттардың, фотосуреттердің, айғақты дәлелдердің  
тізбесі және басқалар \_\_\_\_\_

Кеме капитанының қолы

М.О.

Кемелердің авариялық

жағдайларын тергеу

ережесіне

5-қосымша

Бекітемін

Тергеу органының

басшысы

(өз қолы)

(Т.А.Ә.а.)

200 ж. "\_\_\_"

Тергеу жүргізілген күні және орны \_\_\_\_\_

Тергеу органы \_\_\_\_\_

### **Авариялық жағдайды тергеу туралы акт**

Кеменің рейсі \_\_\_\_\_

( қайдан және қайда )

Кеме капитанының Т.А.Ә.а. \_\_\_\_\_

1. Авариялық жағдайдың түрі \_\_\_\_\_

2. Авариялық жағдайдың уақыты \_\_\_\_\_

(күні, айы, жылы, сағаты, минуты)

3. Авариялық жағдайдың болған жері \_\_\_\_\_

(порт, арна, бұғаз, шығанақ, теңіз, мұхит, координаттар)

4. Кеме жөнінде қысқаша мәліметтер:

1) түрі, атауы \_\_\_\_\_

2) тіркелу порты және тіркеу N \_\_\_\_\_

3) туы \_\_\_\_\_

4) кеме иесі және оның почталық мекен-жайы \_\_\_\_\_

5) жасалған жері және жылы \_\_\_\_\_

6) кеменің ең үлкен өлшемдері \_\_\_\_\_

7) сыйымдылығы (брутто/нетто) \_\_\_\_\_

8) кеменің энергетикалық қондырғыларының түрі және қуаты \_\_\_\_\_

9) еспелі бұрандалардың саны және құрылымы \_\_\_\_\_

10) руль құрылымы, басқару пульті туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

11) толық жүрісінің жылдамдығы (маневрленген/теңіздік түйінмен) \_\_\_\_\_

12) авариялық жағдай кезіндегі шөгу (алдыңғы, артқы, ортаңғы) \_\_\_\_\_

13) жолаушылар саны \_\_\_\_\_

14) жүктің саны және түрі, оның трюмдар бойынша орналасуы \_\_\_\_\_

15) экипаждың саны \_\_\_\_\_

16) құтқару құралдарының штаттық жиынтығы \_\_\_\_\_

17) радиостанцияның қуаты және оның әсер ету радиусы \_\_\_\_\_

18) электрлік радионавигациялық құралдар \_\_\_\_\_

19) су төгетін құралдардың саны мен қуаты \_\_\_\_\_

20) өртке қарсы сақтық құралдар \_\_\_\_\_  
21) кеменің мұзға қарсы күшетуінің санаты (Регистр біліктігі)\_\_\_\_\_

5. Уәкілетті орган қызметкерлерінің кемені техникалық байқауы туралы қысқаша мәліметтері\_\_\_\_\_

Конвенциялық құжаттардың қолданылу мерзімдері:  
Жүзуге жарамдылығы туралы қуәлік \_\_\_\_\_  
Біліктілік қуәлігі \_\_\_\_\_

6. Авариялық жағдайдың қысқаша сипаттамасы\_\_\_\_\_

### 7. Ескерту:

Кемелік журналдардан үзінді, карталардың, жоспарлардың көшірмесі, маневр жасау, соқтығысу сызбалары, радиолокациялық планшет, радиолокациялық станциялардың көлеңкелік секторлары кестесінің көшірмелері, уәкілетті органның актілері, кемелік құжаттар, маневрлік элементтердің кестелері, апат жағдайының нобайлық сызбасы, сұраудың хаттамасы, экипаж мүшелерінің түсініктері, радиохаттар, телекстер, анықтамалар, кеме жөндеу мекемелерінің есептері, апарттылық жөндеулердің калькуляциясы, өздігінен жазатын аспаптардың таспалары, байқау актілері, зертханалық талдаулар, техникалық сараптамалар, фотосуреттер, сондай-ақ авариялық жағдай оқиғаларын растайтын басқа қажетті құжаттар.

### 8. Авариялық жағдайлардың зардалары:

- 1) опат (адамдардың, жүктің, кеменің және басқаның)\_\_\_\_\_
- 2) зақымданулар (корпустың, тетіктердің, жүйелердің, құрылғылардың, жабдықтардың, жүктің және басқа)\_\_\_\_\_
- 3) авариялық жөндеу жүргізуге байланысты кеменің тоқтап тұруы (сағат, тәулік)\_\_\_\_\_

9. Авариялық жағдайға қатысы бар кемелік және жағалаулық құрамдардың лауазымды тұлғалары туралы қысқаша мәліметтер:

p/c					Жұмыс өтілі	Диплом, қуәлік,
N	T.A.	Лауазымы	Тұған	Білімі		қандай атаққа,
	Θ.a.		жылы	(қашан	теңіз	осы  соңғы N, кіммен
				және	көлі.	кеме. лауа.  және қашан
				нені	гінде	де  зымда  берілген
					бітірді)	барлығы

10. Авариялық жағдайға тергеу жүргізген органның қорытындысы:

1) авариялық жағдайға болған кездегі жағдайлар мен мән-жайлар \_\_\_\_\_

2) авариялық жағдайдың себептері \_\_\_\_\_

3) авариялық жағдайға қатысы бар тұлғалар \_\_\_\_\_

4) авариялық жағдайды жіктеу \_\_\_\_\_

Тергеу

жүргізген

лауазымды

тұлғалардың қолы (қолдары):

**Е с к е р т у :**

1. Авариялық жағдайдың түрін, себептерін және салдарын анықтау кезінде авариялық жағдайларды жіктеу кестесінде (10-қосымша) көрсетілген деректер қолданылуы тиіс.

2. Егер шығындар еркін айналыстағы валютамен көрсетілсе, онда оның сомасын авариялық жағдай болған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген бағамы бойынша теңгеге ауыстыру қажет.

Кемелердің авариялық

жағдайларын тергеу

ережесіне

6-қосымша

### **Авариялық жағдай кезіндегі шығындардың мөлшері туралы анықтама**

(кеменің атауы)

(кеме иесі)

(авариялық жағдай болған күні және орны)

Авариялық жағдай бойынша шығындардың жалпы сомасы: \_\_\_\_\_ теңге

(мыңның оннан біріне дейінгі дәлдікпен, теңгемен)

соның ішінде:

кеменің теңізде жүзу сапасын қалпына келтіру үшін авариялық зақымдануларды жоюдың құны \_\_\_\_\_ теңге.

құтқару операцияларының және/немесе апаттық кемені тіркеп сүйреудің және/немесе онымен ілесіп жүрудің құны \_\_\_\_\_ теңге.

жоғалған жүктің құны және/немесе авариялық жағдайдың

нәтижесінде оның зақымдануынан, қайта қалаудан, артық тиеуден келген шығындар \_\_\_\_\_ теңге.

Кеме иесінің қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

**Е с к е р т у :**

1. Егер шығындар еркін айналыстағы валютамен көрсетілсе, онда оның сомасы авариялық жағдай болған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген бағамы бойынша теңгеге ауыстырылады.

2. Кеме апат болған жағдайда оның кеме апаты алдындағы айдың бірінші күніне белгіленген баланстық құны (тозуды алып тастағанда) көрсетіледі.

Кемелердің авариялық  
жағдайларын төргеу  
ережесіне  
7-қосымша

### **Авариялық жағдайға қатысты тұлғаларды сұрау хаттамасы**

1. Күні (күн, ай, жыл) \_\_\_\_\_

2. Сұраудың орны \_\_\_\_\_

3. Т.А.Ә.а. \_\_\_\_\_

4. Тұған жылы \_\_\_\_\_

5. Атқарып отырған лауазымы \_\_\_\_\_

6. Су жұмыс өтілі, көлігіндегі:

1) барлығы \_\_\_\_\_

2) мамандығы бойынша \_\_\_\_\_

3) соңғы лауазымында \_\_\_\_\_

4) осы кемеде \_\_\_\_\_

7. Арнайы білімі: \_\_\_\_\_  
(қандай оқу орнын және қашан бітірді)

8. Теңіздік атағы \_\_\_\_\_  
(дипломның номірі, қашан және кіммен берілді)

9. Мекен-жайы \_\_\_\_\_

10. Сұрау қайда жүргізілді \_\_\_\_\_

11. Сұрауды кім жүргізді \_\_\_\_\_

12. Сұралушы мыналарды көрсетті \_\_\_\_\_  
(түсініктері, сұрақтарға жауаптар)

**Е с к е р т у :**

1. Сұралушының және сұрау жүргізушінің қолдары әрбір парақтың

соңында қойылады. Келесі парақтың басында "200 ж. " \_\_\_\_\_ сұраудың жалғасы" деген сөздер жазылуы тиіс.

2. Сұраудың үзілуі және қайта жалғасуы сұралушының және сұрау жүргізушінің қолдарымен бекітіледі.

3. Сарапшылар қатысқан кезде хаттамаға олардың да қолдары қойылады.

Кемелердің авариялық  
жағдайларын төргөу  
ережесіне  
8-қосымша

## Авариялық карта

	Авариялық карта N		Апарттың жіктелуі		Апарттың себептері
1	2-17, 78-124 тш	23	Кеме апаты	КА	Субъективті
	толтырылсын	24	Авария	AB	КҚСХЕ және АС
	18-77 тш	25	Авариялық оқиға	АО	жергілікті жүзу ережелерін бұзу
	бойынша	26	Пайдаланымдық зақымданулар	ПЗ	46 Кеме жүргізу ережелерін бұзу БС
	ұстанымға назар		Авариялық жағдайлардың		47 Кемені басқа. рудың жалпыға ВС
	аударылсын		навигациялық		бірдей қабыл.
2	Атауы, үлгісі		түрлері		данған дағдылы
3	Капитан		27 Қайранға		әдістері мен
4	Кеме иесі		отыру		тәсілдерін
5	Қолданылуы	28	Соқтығысу	O	сақтамау
	бойынша үлгісі	29	Құлау	C	48 Теңізде жүзу
6	Жалпы сыйымды.	30	Орнықтылықты	K	қауіпсіздігі ТС
	лығы тіз.тонна		жоғалту	O	жөніндегі норма.
7	Жасалған жылы	31	Дауылдан		тивтік құжат.
8	Бас қозғалтқыш.		болған		тарды, жүктерді
	тың қуаты кВт		зақымданулар	D	тасымалдауды бұзу
	Авариялық	32	Мұздан	M	49 Ақталмаған
	жағдайдың		зақымданулар		тәуекел РС
	уақыты	33	Басқалар	50	Еңбек тәртібін ТД

9	Күні		Авариялық	X	бұзу:
10	Кемелік уақыты		жағдайлардың	пайдалану қызметі ТДС	
	с. мин.		техникалық	бойынша техника.	
	Гидрометеороло-		түрлері	лық пайдалану	
	гиялық жағдайлар	34	Бас қозғалт.	қызметі бойынша ТДМ	
11	Жел м/с		қыштың зақым.	51	Техникалық ЭК
12	Толқындау бал.		данулары	Д	пайдалану ереже.
13	Көру мүмкіндігі	35	Білікті-	лерін бұзу: ЭКС	
	миль		бұрандалы	пайдалану қызметі	
14	Мұз бал		кешеннің	бойынша техника.	
	Авариялық		зақымданулары	B	калық пайдалану
	жағдайдың орны	36	Қосалқы	қызметі бойынша ЭКМ	
15	Жағрафиялық		тетіктерінің	52	Өрт жарылыс ПВ
	атауы		зақымданулары	M	қауіпсіздігі
16	Ендігі	37	Кеме корпусы.		ережелерін бұзу
17	Бойлығы		ның зақымда.		пайдалану қызметі
	Акваторий үлгісі		нулары	K	бойынша техника. ПВС
18	Ашық теңіз,	38	Кеме құрыл.		лық пайдалану
	шығанақ, көл,		ғыларының		қызметі бойынша ПВМ
	қозғалысты бөлу		зақымданулары	U	Объективті
	жүйесі, ұсыныл.	39	Басқалар	53	Навигациялық ГО
	ған жол,		Жарылыстар		гидрографиялық
	фарватер		мен өрттер		қамтамасыз етудің
19	Рейд, зәкірлік	40	Пайдалану		кемшіліктері
	орын, лоцманды		қызметі		54 Сындарлы
	қабылдау орны		бойынша		кемшіліктер КН
20	Бұғаз, өтетін		жарылыстар	3C	55 Жасырын ақаулар ЖА
	жол, өзен	41	Техникалық	56	Сапасыз жөндеу СЖ
21	Порт гавані		пайдалану		57 Тозу Т
22	Кеме жөндеу		қызметі		58 Болжауға келмей.
	зауыты		бойынша		тін жағдайлар БЖ
			жарылыстар	3M	59 Әдейі жасалған
		42	Пайдалану		әрекеттер ӘЖӘ
			қызметі		60 Стихиялық
			бойынша		жағдайлар СЖ
			өрттер	ЖС	Анықталған жоқ АЖ
		43	Техникалық		62 Айқындау
			пайдалану	ЖМ	барысында АБ
					қ ы з м е т і

б о й ы н ш а  
 ө р т т е р  
 К е м е г е з а қ ы м  
 к е л у  
 4 4      М и на ла р д ы ,      Р  
 з ы м ы р а н д а р д ы ,  
 з ең б ір ек т е р д і  
 ж ә н е б а с қ а  
 қ а р у л а р д ы  
 қ ол д а н у д а н

А п ат т ы қ з а р д а п т а р

63 Адам өлімі ГЛА	64 Кеме апаты	ККА	65 Тенізде жұзу	ТЖА
апаты	67 Қайранда болу		сапасынан айрылу	
66 Шығындар	МУАБ	48 сағаттан	НСМ	68 Зәкірлік құрыл.
1 млн.		артық 2-ден		ғының зақымдану.
теңге		бастап		лары, қозғалт.
және одан			НСМИ	қыштарға оралу
артық	48 сағатқа	НСМП	71 Қоршаған ортаны	ҚОЛ
1 млн.	МУАМ	дейін		ластау
теңгеден			2 сағаттан	СИГ
к е м			М У Э	к е м
69 Кемені				70 Тіркелімнің
пайдалану				ережелеріне
барысын.				сөйкес теңіз.
д а ф ы				д е ж ү з у
з а р д а п т а р				с а п а с ы н
72 Уақытты		НПС		ж оғалтуға
ж оғалту	-			ә к е л г е н
к е м е н ің				ж ү к т ің
авария				ж ы л ж у ы ,
оқиғасы				қ а с и е т т е р і .
салдары.				н ің ө з г е р у і
				н а н
				( к е м е н ің
				з а қ ы м д а .
				н у ы с ы з )
				ж ү р г і з і л .

## Тараптардың қатыстылығы

73	Кеме	Экипажы
75	Басқа кеме	74 Экипаждың қатысы жоқ
77	Диспетчер және басқа да жағалаулық	76 Лоцман қызметкерлер

## Қатысы бар тұлғалар

## Д е р е к т е р

Т.А.Ә.а.	78	88	99	110
Туған жылы	79	89	100	111
Лауазымы	80	90	101	112
Ө т і л і :				
мамандығы бойынша	81	91	102	113
соңғы қызметінде	82	92	103	114
осы кемеде	83	93	104	115
Білімі:		94	105	116
(училище, бітірген жылы)	84	95	106	117
Күндізгі	85	96	107	118
Сырттай	86	97	108	119
Диплом	87	98	109	120

121 Авариялық жағдайдың қысқаша сипаттамасы (рейс, апатқа дейін, кеменің өміршешендігі үшін күрес, құтқару, зардалтары)

122 Кате іс-әрекеттер

123 Жазалаулар

124 Сақтандыру шаралары

Қолы

Кемелердің авариялық

жағдайларын тергеу

ережесіне

9-қосымша

(авариялық жағдайды тергейтін органның атауы)

N \_\_\_\_\_ апарттық іс

1. Кеменің атауы \_\_\_\_\_
2. Кеме иесі, оның почталық деректемелері \_\_\_\_\_
3. Авариялық жағдай болған күні \_\_\_\_\_
4. Авариялық жағдайдың түрі \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_ басталды  
( күн , ай , жыл )
6. \_\_\_\_\_ аяқталды  
( күн , ай , жыл )
7. Параптердың, томдардың саны \_\_\_\_\_  
Кемелердің авариялық  
жағдайларын төргеу  
ережесіне  
10-қосымша

## АВАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖІКТЕУ КЕСТЕСІ

Ұста. | Авариялық жағдайлардың түрлері, | Есепке алу  
ным | себептері, зардаптары | индексі

АВАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ  
Апат оқиғасының түрін анықтаған кезде зардаптардың  
сипатына және мөлшеріне қарамастан оның алғашқы  
себебі негіз болып қабылданады.

- |    |                                  |
|----|----------------------------------|
| 1. | Навигациялық авариялық жағдайлар |
|----|----------------------------------|
- 1) топыраққа отыру - кеменің қайранға отыруы, топыраққа және су асты кедергілеріне тап болу, жағаға шығу. П
  - 2) соқтығысу - қозғалу барысында кемелердің өзара немесе олардың біреуінің түйісуі немесе қақтығысы; теңізде жүзіп жүрген кез-келген объектімен немесе Кемелер соқтығысынан сақтандырудың халықаралық ережелерінің (КССХЕ-72) контекстінде кеме болып табылатын затпен түйісу; теңізде бөлек тұрған құрылыммен түйісу (мұнай бұрғылау платформалары, мұнаралар және басқалар). С

- 3) Бастырмалату - кемелердің тұрақтауы үшін жасалған тұрақты немесе уақытша гидротехникалық құрылымдармен (айлактар, пирстар, доктар және т.б.) немесе порт айдының қоршауымен кеменің түйісуі; арқандап байлау операцияларын орындау барысында, сондай-ақ ауа-райының қолайсыз гидрометеорологиялық жағдайлары (кеменің қалқуы, шынжырлар мен арқандар. дың үзілуі және басқа) нәтижесінде кеменің басқа кемемен түйісуі; кеменің навигациялық жабдық құралдарымен түйісуі. Н
- 4) орнықтылықты, жүзгіштікті жоғалту - жеткіліксіз орнықтылықтан, аударылудан, батудан пайда болған кеменің авариялық қисауы. О
- 5) Дауылдан болған зақымданулар - дауыл желдің және толқындаудың нәтижесінде кеме корпусының, тетіктерінің, жүйелерінің, құрылғыларының және басқа элементтерінің зақымдануы. Ш
- 6) мұздан болған зақымданулар - мұзда жүзу кезінде кеме корпусының, тетіктерінің, жүйелерінің, құрылғыларының және басқа элементтерінің зақымдануы. Л
- 7) өзгелер - кеме жүргізушілердің жұмысына және сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты барлық басқа зақымданулар (еспелі бұрандаға және/немесе рульге арқаның немесе аулардың оралып қалуы, су астындағы кабельдің, құбырдың зақымдануы, батып кеткен затқа соғуы және басқалар). X

2.	Техникалық авариялық жағдайлар
1)	бас қозғалтқыштың зақымдануы - кеменің қозғалысын қамтамасыз ететін тетіктердің зақымдануы (кемелік энергетикалық қондырғының, оның құбырларының, орталық басқару орындарының, электр жабдықтарының және басқа). Д
2)	біліктік-бұрандалық кешенің зақымдануы - білік өткізгіштерінің, дейдвудтардың, еспелі бұрандалардың, реттелетін қадам бұрандаларының және басқалардың зақымдануы. В
3)	кеменің қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз ететін

қосалқы тетіктердің (кемелік электр станцияларының қозғалтқыштары, энергетикалық қондырыларға қызмет көрсетілетін тетіктердің, құрылғылардың, жүйелердің, сондай-ақ олардың электр жабдықтарының) зақымдануы. М

4) корпустың зақымдануы - кеме түркінен және оның элементтерінің тозу нәтижесінде ақауларының пайда болуы және басқа. К

5) кеме құрылғыларының зақымдануы - зәкірлік, рульдік, шағын қайықтық, жүктік және олардың электр жабдықтарының өзге де кемелік құрылғыларының зақымдануы. У

6) өзгелер - кеме механиктерінің жұмысына байланысты барлық басқа да техникалық зақымданулар. Ф

---

3. Ұшқын пайда болған кезде жанғыш газдардың жарылуы, бөлімшелері бар статикалық және атмосфералық электр қуатының жиналуды. З

---

1) пайдалану қызметі бойынша 3С  
2) техникалық пайдалану қызметі бойынша 3М

---

4. Ашық отпен, электр жылдыту құралдарын ұқыпсыз пайдаланудан, электр жабдықтарының, жарықтың ақаулығының және техникалық пайдалану ережелерін бұзу, кемелердің машина бөліміндегі ыстық беттерді оларға майдың және отынның тиуінен қорғайтын, сондай-ақ отынның тұтану көздеріне түсін болдырмайтын жоғары қысымды отын тұтіктерін қорғаудың қанағаттанарлықсыз жағдайынан; жүктедің өздігінен тұтануынан және өздігінен жануынан; бөлімшелермен өрт жұмыстарын жүргізу ережелерін бұзудан болған өрттер. Ж

---

1) пайдалану қызметі бойынша ЖС  
2) техникалық пайдалану қызметі жөніндегі ЖМ

---

5. Кеменің зақымдануы - корпустың, тетіктердің, жүйелердің, құрылғылардың және кеменің басқа элементтерінің зақымдануы, снарядтарды, миналарды,

зымырандарды және басқа қаруларды пайдаланудан кеме жайларының суға батуы. Р

---

КЕМЕ ЭКИПАЖЫНЫҢ КІНӘСІНЕН БОЛҒАН АВАРИЯЛЫҚ  
ЖАҒДАЙДЫҢ

С Е Б Е П Т Е Р І

---

6. ККСХЕ-72 және жүзудің жергілікті ережелерін бұзу - жүзу ережелерін, кемелердің ажырауын және кәсіпшіліктің жүргізілуін кесімдейтін ережелерді бұзу. АС
7. Кеме жүргізу ережелерін бұзу - өтуді, алдын ала және атқарушы төссеулерді дайындау, кеменің орнын анықтау, навигацияның техникалық құралдарын пайдалану, картографиялық және ауарайылық ақпараттарды пайдалану туралы ережелерді бұзу; зәкірлік тұрақта тұрған уақытта кеме жағдайын бақылаудың қанағаттанарлықсыз. дығы, кеме жүргізу негіздерін елемеу. БС
8. Кемені басқарудың жалпы пайдаланымдағы дағдылы әдістерін және тәсілдерін сақтамау - лоцманмен өзара қарым-қатынастар туралы ережені бұзу, кеменің орын ауыстыру элементтерінің есепке алынбауы немесе есепке дұрыс алынбауы, зәкірлердің қолданылмауы, орын ауыстыру кезінде жылдамдықтың дұрыс таңдалмауы, кемені басқару кезіндегі қателіктер мен санау кезінде қателіктер жіберу және басқалар. ВС
9. Жүктерді теңізben тасымалдау қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құжаттарды бұзу - жүктерді тиеу, орналастыру, бекіту, тасымалдау және түсіру қауіпсіздігінің технологиялық тәртібін бұзу және басқалар. ТС
10. Ақталмаған тәуекел - онымен жүзу қаупі күтілген әсерден асатын жолдың дұрыс таңдалмауы, жүзудің күрделі жағдайларында вахтаны қүшетудің еленбеуі, лоцмандық тіркеп сүйреу, мұз жару қамтамасыздығынан негіzsіз бас тарту, мұзда жүзу дағдысын бұзу, толық

емес экипажбен немесе жұмыс істемейтін техникалық құралдармен теңізге орынсыз шығу және басқалар. РС

11. Еңбек тәртібін бұзу - қызметтік міндеттерді өрескел елемеушілік, вахта кезіндегі үйқы, міндеттерді шала, мас жағдайда орындау, бөлімшелердің бүйрықтар мен өкімдерді елемеуі. ТД

- |   |     |
|---|-----|
| 1) пайдалану қызметі бойынша            | ТДС |
| 2) техникалық пайдалану қызметі бойынша | ТДМ |

12. Техникалық пайдалану ережелерін бұзу - бөлімшелері бар кеменің: корпусын, жүйелерін және құрылғыларын, кемелік энергетикалық қондырғыларын, қосалқы тетіктерін, кемелік электр жабдықтарын және басқаларды техникалық пайдалану туралы ережелерді бұзу. ЭК

- |   |     |
|---|-----|
| 1) пайдалану қызметі бойынша            | ЭКС |
| 2) техникалық пайдалану қызметі бойынша | ЭКМ |

13. Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу - бар кемелердің өрт қауіпсіздігін реттейтін тәртіпті бұзу. ПВ

- |   |     |
|---|-----|
| 1) пайдалану қызметі бойынша            | ПВС |
| 2) техникалық пайдалану қызметі бойынша | ПВМ |

## ЭКИПАЖДЫҢ КІНӨСІНСІЗ БОЛҒАН АВАРИЯЛЫҚ ЖАГДАЙЛАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІ

14. Навигациялық-гидрографикалық қамтамасыз етудің кемшіліктері - сызбалар мен лоцийлардың дәлсіздігі, жедел навигациялық ақпараттарды кідірту, навигациялық жабдық құралдарының штаттық орындарынан жылжуы және олардың мінездемелерінің хабарланбаған өзгерістері, аудандардың гидрографиялық толық емес зерттеулері, хабарланбаған үзілістер және радионавигациялық құралдардың мінездемелерін өзгерту және басқалар. ГО

15. Сындарлы кемшіліктер - кеме құрылымдарының түйіндері мен блоктарының, машиналарының, тетіктерінің және басқа

техникалық құралдардың беріктігі жөніндегі қате есептеулер және сындарлы емес шешімдер; техникалық құралдардың шиеленіскең тәртіптегі жұмысы. КН

16. Жасырын ақаулар - қорытылмаған металл алаңдарының бар болуы, құйманың жасырын кемшіліктері, зауыттық басқа сипаттағы ақаулар. СД

17. Сапасыз жөндеу - кемені жөндеу жұмыстарын технологияны бұза және шегіне отырып орындау, тек қана кеме жөндеу кәсіпорындарының кінәсінен стандарттарды бұзу. НР

18. Тозушылық - сындарлы шикізаттардың жасына қарай, жасырын тат басу көздері және басқалар. ИЗ

19. Болжауға келмейтін жағдайлар - апат оқиғасының алдын алу жөнінде сәйкес сақтандыру іс-шараларын қабылдау үшін күні бұрын болжау мүмкін емес жағдай. НО

20. Әдейі жасалған әрекеттер - одан да ауыр зардаптардан құтылу үшін апат жағдайына әкелген, әдейі ұғынылған шарасыз әрекеттер. ПД

21. Стихиялық жағдайлар - апат оқиғасына әкелген, қарсы тұруға болмайтын жағдайлар (дауыл, цунами, жүзудің күрделі мұзды жағдайлары және басқалар) СУ

22. Анықталған жоқ - тергеу апат оқиғасының себептерін айқында мада. НУ

АНЫҚТАУ БАРЫСЫНДА. ПЯ

### АВАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ.

23. Адамдардың опат болуы - егер бұл апат оқиғасының салдары болса. ГЛА

24. Кеменің қирауы - кеменің батуы және оны көтерудің

мүмкін еместігі немесе мақсатсыздығы; кемені қалпына келтірудің мүмкіндігін немесе орындылығын болдырмайтын қайранға тұру, өрт, жарылыс салдарынан және басқадан кеменің сындарлы толық қирауы.

ККА

---

25. Кеменің теңізде жұзу қабілетін жоғалтып зақымдануы - су асты кабелінің, құбырдың, жағалаулық құрылымдардың пайдаланудан шығуына апарған зақымданулар. МУА

---

26. Кемені пайдаланудағы зақымданулар. МУЭ

---

27. Кеменің Теніз Регистрі ережелеріне сәйкес теңізде жұзу сапасын жоғалтуға апарған жүктің жылжуды, қасиеттерінің өзгеруі. СНГ

---

28. Қайранға тұру нәтижесінде пайда болған зақымдануларға қарамастан, кеменің қайранға тұруы. НСМ

- 1) 24 сағат және артық. НСМБ  
2) 24 сағаттан кем. НСМН

---

29. Қоршаған ортаны ластау. ЗОС

---

30. Уақытты жоғалту - авариялық жағдайдың салдарынан кеменің өнімсіз тоқтап тұруы (кеменің немесе басқа объектілердің, құрылыштардың зақымдануына тап болмаған).

НПС

---

**Ескерту:** Зардаптармен бірге шығындар көрсетіледі.

Кемелердің авариялық жағдайларын төрғеу ережесіне  
11-қосымша

---

(портың теңіз әкімшілігі, кеменің иесі)

**Авариялық жағдайларды тіркеу журналы**

---

басталды  
(күн, ай, жыл)

(күн, ай, жыл)

**1-бөлім****(порттың теніз әкімшілігі және кеме иесі жүргізеді)**

(таблицаның жалғасы бар)

Авария.	Авариялық	Кеме.	Кеме	Авариялық	Авариялық	Авариялық
лық	жағдайға	нің	(кемелер)	жағдайдың	жағдайдың	жағдайды
істің	тап болған	иесі	капита.	күні, айы,	орны	жіктеу
N	кеменің		нының	жылы және		
	(кемелер.		Т.А.Ә.а.	уақыты		
	дің) үлгі.					
	сі және					
	атауы.					

1 2 3 4 5 6 7

таблицаның

жалғасы

Авариялық	Авариялық	Авариялық	Шығындар	Авариялық	Тергеу	Тергеудің
жағдайдың	жағдайдың	жағдайдын		жағдайға	органы	басталуы
тырі	себебі	зардаптары		қатысты		
					тұлғалар	

8 9 10 11 12 13 14

таблицаның

жалғасы

Тергеудің	Тергеу	Алдын	алу	Басқа
аяқталуы	мерзімін	шаралары		мәліметтер
	ұзартү			
	туралы			
	мәліметтер			

1 5 1 6 1 7 1 8

E c k e p t y :

1. Тіркелуге барлық апат оқиғалары жатады. Авариялық жағдайға екі және одан да көп кемелер тап болған жағдайда кімнің кемесі көп кінелі деп танылғанына қарамастан авария оқиғаларды тіркеу журналына оның барлық деректемелері енгізіледі. Авариялық жағдай кемелердің қайсысына жатқызылғаны көрсетіледі.

2. Апат оқиғасы туралы хабарлама алынғаннан кейін дереу алғашқы жазба жүргізіледі (1-6-бағандар). Кейінгі бағандарды толтыру тергеу аяқталғаннан к е й і н ж у р г і з і л е д і .

3. 8-10 бағандар жіктеу кестесіне сәйкес толтырылады (10-қосымша).

4. 18-бағанда қабылданған ұйымдастырушылық техникалық шаралармен қатар, сондай-ақ кеме иесі бұйрығының нөмірі мен күніне негізделген тәртіптік сипаттағы шаралар да көрсетіледі.

2-бөлім

(кеме иесімен жүргізіледі)

(таблицаның жалғасы бар)

---

1	Т о п ы р а к қ а
	отыру
2	Соқтығысу
3	Құлау
4	О р н ы қ т ы л ы қ т ы , ж у з г і ш т і к т і

7		Ө з г е л е р
	(навигациялық)	
8	Б а с	қ о зғ а л т .
		қ ы ш т ы н
	закымдануы	
9		Б ілікті -
		бұрандалы
		кешенинің
	закымдануы	
1 0		К осалкы
		тетіктедің
	закымдануы	
1 1		Тұрқының
	закымдануы	
1 2	К е м е	құрлығы .
		ларының
	закымдануы	
1 3		Ө з г е л е р
	(техникалық)	
14	Жарылыс	
15	Өрт	
1 6		Б а р л ығ ы
		ж ы л д а :
	б ір	

---

т а б л и ц а н ың ж а лғ а с ы

N		желтоқсан	Барлығы		Ескерту
P	/	c			

1	1 4	1 5	1 6
---	-----	-----	-----

---

1  
2  
3  
4  
5  
6  
7  
8

9

1	0
1	1
1	2
1	3
1	4
1	5
1	6

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК